

8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Айдарбекова Дильбар Нургалиевнаның «Метаболизмдік синдром көрсеткіштерінің динамикасы және олардың генетикалық предикторлар мен комплаенттілік деңгейімен байланысы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту қажет)	Ресми рецензент ұстанымының негізделуі
1	Диссертация тақырыбының (бекітілген күнге) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауы көрсетілсін); 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету).	Негізгі ғылыми-зерттеу жұмысы 2023–2026 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиника-диагностикалық орталығының базасында жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысы аталған орталықта 10 жыл бұрын, яғни 2012–2014 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған, Түркістан қаласының тұрғындары болып табылатын 938 науқастың деректерін қамтыған ғылыми жобаның (мемлекеттік тіркеу №0112РК00154, шифрі Г-2012) жалғасы болып табылады. Осыған байланысты зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023–2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы шеңберінде орындалған «10 жылдық проспективтік зерттеуде метаболикалық синдромы бар науқастардың тамақтану ерекшеліктерін, өмір салтын және комплаенттіліктің генетикалық аспектілерін зерттеу» атты жоба (AP19676909) негізінде жүзеге асырылды.
2	Ғылым үшін маңызы	Жұмыс келесі айтарлықтай үлес <u>қосады</u> /қоспайды және оның маңыздылығы және оның маңыздылығы <u>жақсы ашылған</u> /ашылмаған.	Жұмыс метаболикалық синдромның 10 жылдық даму динамикасын және оның негізгі қауіп факторларын анықтау арқылы медицина ғылымына айтарлықтай үлес қосады. Артериялық қысымның жоғарылауы мен абдоминалдық семіздіктің жетекші предиктор ретіндегі рөлі дәлелденген. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы толық әрі жақсы ашылған. Диссертация

			авторы ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын негізгі ережелерді толық орындады.
3	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестілік жоқ.	Диссертация авторы академиялық адалдық құндылықтарын және академиялық адалдық принциптерін толық ұстанды. Жұмысты орындау барысында диссертант ғылыми зерттеуді өзі ұйымдастырып, ғылыми жұмыстың әр қадамын іске асырып отырды. Ғылыми жұмыс шеңберінде диссертант өз бетінше зерттеу материалдарын жинаған, автор өз бетінше мәліметтер қорын, статистикалық талдауын жан-жақты жасаған, зерттеу нәтижелерін және оларды талқылап, қорытынды жасай отырып, тұжырымдар және тәжірибелік ұсыныстарды анық беріп отыр.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация авторы тақырыптың өзектілігін айтарлықтай жоғары деңгейде ашып отыр, және ол диссертациялық жұмыста анық және дәлелді негізделген. Диссертация өзектілігін шетелдік, ресейлік, жергілікті ғалымдардың ұсынған ғылыми еңбектері негізінде тұжырымдай отырып, сонымен қатар Халықаралық денсаулық ұйымының және басқа да маңызды бірлестіктердің ұсыныстарына толық тоқталып отыр.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Ғылыми жұмыс шеңберінде диссертант зерттеу материалдарын толық жинаған, және зерттеу нәтижелерін тұжырымдай отырып теориялық, нақтырақ клиникалық және әлеуметтік маңызы бар құнды қорытындылар жасаған. Айдарбекова Дильбардың диссертациялық жұмысы жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіптілік дәрежесі мәселесінің өзектілігін қамтитын кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан, ұсыныстар мен пайдаланылған әдебиеттер тізіміне қойылатын талаптарға сәйкес екенін ашып көрсетеді.
		4.3 Максаттары мен міндеттері диссертация	Диссертациялық жұмыстың мақсатына орай, негізгі 3

		тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	міндеттерінен тұрады. Әрбір міндет дәйекті және логикалық түрде зерттеу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: 1) толығымен байланысқан; 2) ішінара өзара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеу көлемі жұмыстың өзіндік нәтижелерін, тұжырымдарын, қорытындыларын және ұсыныстарын қамтитын бөлімдерде дәйекті түрде сипатталған мәселелерді шешумен тығыз байланысты. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысты, және ішкі бірлікпен сипатталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Әрбір нәтиженің негізділігі мен сенімділік дәрежесі тандалған тақырыптың өзектілігімен, мақсаттың ойластырылғандығымен, алға қойылған мақсаттар мен шешілген мәселелердің сәйкестілігімен қамтамасыз етіледі; диссертация бойынша алынған ғылыми нәтижелер нақтыланған және тұжырымдарға негізделеді.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа).	Ұсынылған нәтижелердің сенімділігі алынған мәліметтерді статистикалық өңдеудің заманауи әдістерін қолданумен расталады. Осылайша, алынған нәтижелер негізделген және ғылыми жаңалығы жағынан күмән келтірмейді.
		5.2 Диссертацияның тұжырымдары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа).	Диссертациялық жұмыс нақты тұжырымдалған, және әрбір ұсынылған тұжырым жаңалығы айқын.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа).	1. №72531 20.05.2026 ж. «MMAS-8 (Eight-item Morisky Medication Adherence Scale, Дәрі-дәрмекті қабылдауға бейімділікті бағалаудың 8 тармақты Мориски шкаласы)» атты және №74381 09.06.2026 ж. «Ересек пациенттерде метаболизмдік синдром қаупін ерте анықтауға арналған скринингтік - профилактикалық алгоритмі» авторлық құқық куәліктері алынды.

			2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда – 1 мақала; Web of Science немес Scopus компаниясының мәліметтер базасына енген басылымдарда – 2 мақала; Шетелдік конференция материалдарында – 5 тезис жарық көрген.
6	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге <u>негізделген</u> /негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген.	Зерттеу нәтижелерін автор алуан, әрі жаңашыл статистикалық өңдеуді пайдалана отырып талдады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Жағдай дәлелденді ме? 1) дәлелденген; 2) шамамен дәлелденген; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ.	Қорғауға 3 негізгі ереже енгізілді: 1. Артериялық қан қысымы мен бел шеңбері метаболизмдік синдромның даму қаупін сипаттайтын негізгі тәуелсіз болжамдық көрсеткіштер ретінде қарастырылады. Осы антропометриялық және гемодинамикалық параметрлердің өзгерістері инсулинге төзімділік пен кардиометаболикалық бұзылыстардың ерте сатыларын айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде қан қысымы мен бел шеңберін жүйелі түрде бақылау метаболикалық синдромды уақтылы диагностикалау және алдын алу шараларын тиімді жоспарлауда маңызды орын алады. 2. MMAS-8 сауалнамасы терапияға медикаментті комплаенттілікті бағалаудың сенімді және валидті құралы болып табылады; оның факторлық құрылымы екі негізгі компоненттен тұрады: ұмыту және тәртіптік қиындықтар. Бұл комплаенттілікті түзетуге бағытталған интервенцияларды тиімді жобалауға мүмкіндік береді. 3. FTO және IRS-1 гендерінің зерттелген популяцияда метаболикалық көрсеткіштерге айқын әсері анықталған жоқ, сондықтан олардың клиникалық тәжірибеде рутиндік скрининг құралы ретінде қолданылуы орынды емес.

			Метаболизмдік синдромның алдын алу мен басқаруда генетикалық факторлардан гөрі өзгертуге (modifiable) болатын факторлардың (өмір салты, антропометриялық көрсеткіштер, мінез-құлықтық тәуекелдер) рөлі басым, сондықтан денсаулық сақтау жүйесінде профилактикалық бағдарламалардың негізгі бағыты осы факторларға бағдарлануы қажет. МС-ның ерте кезеңдерін анықтауда кешенді скрининг бағдарламаларын кеңейту және жоғары қауіпті топтарды динамикалық бақылауда ұстау метаболизмдік аурулардың таралуын төмендетуде маңызды стратегия болып табылады. Қорғауға шығарылатын барлық 3 ереже импакт-факторы жоғары рецензияланатын халықаралық журналдарда (<i>Journal of Clinical Medicine</i>, MDPI; <i>Future Science OA</i>, Taylor & Francis) және ҚРБЖФСБК ұсынған басылымдарда публикацияланған валидацияланған, дәлелденген ғылыми жарияланымдар болып табылады.
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдістеме егжей-тегжейлі сипатталған <u>1) иә;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 8 ғылыми жарияланған жұмыста толық қамтылған, оның ішінде: 2 мақала Scopus-те индекстелген басылымда; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 1 мақала; Халықаралық конференциялар жинақтарында 5 тезис (оның ішінде 4 шетелдік); 2 авторлық құқық жарияланды.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: <u>1) иә;</u> 2) жоқ.	Алынған зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңделуі SPSS 29.0, STATA, R бағдарламалық пакеттерінің лицензияланған нұсқалары арқылы жүзеге асырылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,	Диссертацияның теориялық тұжырымдары когортты

		анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ.	проспективті зерттеу дизайнына сәйкес негізделген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен 1) расталған; 2) ішінара расталған; 3) расталмаған.	Әрбір ғылыми мәлімдеме баспа басылымына сілтемемен көрсетілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті /жеткіліксіз.	Қолданылған әдебиеттер саны 253, оның 11-ы отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері болып табылады, және бұл әдеби шолу үшін жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принциптері	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ.	Ғылыми жұмыс шеңберінде заманауи зерттеу нәтижесінде маңызды механизмдердің теориялық құндылығымен түсіндіріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы 1) иә; 2) жоқ.	Автор ұсынған практикалық ұсыныстар өзекті және тәжірибеде қолдануға толықтай жарамды.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа).	Тәжірибеге ұсынылған нәтижелер жаңа болып табылады. Метаболикалық синдромның 10 жылдық даму қаупін бағалауда бел шеңбері мен артериялық қан қысымы көрсеткіштерін ерте скринингтік критерийлер ретінде қолдану, сондай-ақ қазақ тіліндегі валидтелген MMAS-8 шкаласы арқылы емге бейілділікті бағалау профилактикалық және диагностикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жазылған. Ұсынылған диссертацияда грамматикалық және

	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	стилистикалық қателіктердің орын алуына қарамастан, диссертант академиялық адалдық құндылықтарын және академиялық адалдық принциптерін толық ұстанды. Айтылған грамматикалық және стилистикалық қателіктерге ескертулер диссертация мазмұнына деген пікірді өзгертпейді, және диссертациялық жұмыстың оң жақтарын төмендетпейді. Сонымен зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығын ескере отырып, Айдарбекова Дильбар Нургалиевнаның «Метаболизмдік синдром көрсеткіштерінің динамикасы және олардың генетикалық предикторлар мен комплаенттілік деңгейімен байланысы» атты диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, және 8D10110 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
--	---	---

«Астана Медицина Университеті» КеАҚ,
«№2 Отбасылық медицина» кафедрасының доценті,
медицина ғылымдарының докторы _____



Идрисов Алишер Саугабаевич

